

## КӨПТІЛДІЛІКТІҢ ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ОРНЫ

**Байжанова Айнагуль Артыковна**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің,  
“Әлем тілдері” кафедрасының оқытушысы,  
Ақтөбе, Қазақстан

[bayzhanova.aynagul@mail.ru](mailto:bayzhanova.aynagul@mail.ru)

**Усенов Жандарбек Асылбекұлы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің  
«Информатика» 2 курс студенті,  
Ақтөбе, Қазақстан

[zhandarbekusenov@gmail.com](mailto:zhandarbekusenov@gmail.com)

“Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры,  
жұмсайтын қаруының бірі.”

А. Байтұрсынұлы қазақтың ақыны, жазушысы,  
әдебиет зерттеуші ғалым, қоғам қайраткері.

Тіл дегеніміз – адам, ұлт, мемлекет, руханият, тарих, өркениет. Тіл – адамзат баласының қоғамдық-әлеуметтік дамуының бірден-бір көрсеткіші. Тіл - жалпы әр адамның жан дүниесі, рухани негізі болып табылады. Тіл – мемлекет тірегі, халықтың рухани байлығы. Ал қазақ тілі біздің ана тіліміз. Бұл тіл біздің рухани негізіміз. Тіл халықтың жанымен бірге, ол әр ұлттың тірегі. Ана тіліміз бізге анамыздың ақ сүтімен, бесік жырымен дарыған. Ана тілі – халқымыздың өткені және қазіргі сәтпен ертеңгі болашағы. Осынау біздің туған тілімізді құрметтеп, абыройын асқақтату – әрбір азаматымыздың борышы болып табылады.

Көптілділік заман талабы дегендей қазіргі заманда көптілді білген жеңер. Еліміздегі “Үштұғырлы тіл” жобасы осынау көптілділіктің біздің өмірімізде ойып тұрып орын алатындығын түсіндіріп, ұғындырғандай. Елбасы өзінің 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстан” атты жолдауында: “Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі”. Сондықтанда осынау ақпараттық технологиялар дамыған заманда яғни қазіргі кезде көптілділікті меңгеру қиынға соқпайды.

Тәуелсіз еліміздің тірегі – саналы , білімді ұрпақ. Қазіргі күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі білім беруді одан әрі дамыту. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Білім сапасын арттырудың тиімді жолы – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыру. Білім ордасы бұл бізде мектеп. Ал мектептің жүрегі бұл – мұғалім. Мұғалімнің басты міндеті – өз ұлтының тарихын , мәдениетін, тәлім тәрбиесін, тілін рухани құндылықтармен ұштастыра алатын тұлға тәрбиелеу.

“XXI ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры” деп бекер айтылмаса керек. Бұл ғасыр техниканың озық дамыған ғасыры десек қателеспейміз. Жалпы оқытудың негізгі міндеті бұл оқушыны дамыту болып табылады. Білім берудің мақсаты – жеке тұлғаны қоғамға қажет қабілетін арттырып, дамыту және өз-өзін дамытуға жағдай жасау. Компьютермен жұмыс жасау оқушыға қоршаған әлемді тануға мүмкіндік беріп тұрған құрал болып табылады. Осы кездегі қозғайтын мәселеміз сабақтарды компьютерлермен және де басқа да ақпараттық технологиялар құралымен өткізу. Мектептерде компьютер қамтамасыз етілу жұмыстары әліде жүргізілу керек деп ойлаймын. Өйткені кейбір мектептерде компьютер саны шектеулі, және де оның сапасының нашар болуы. Қазақстандағы білім сапасын ақпараттық технологиялар арқылы дамытқымыз келсе осынау өзекті мәселелерге көңіл аударып , қарауымыз қажет.

Мектепте информатика пәнін оқытудың міндеті – белгілі бір ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және де оқушының шығармашылық қабілетін дамыту, ақылын, ойлау өрісін дамытуға, және де өзіне икемі келетін іспен айналысуға әсерін тигізеді. Информатиканы оқыту барысында оқушы өзінің жұмыстарын жоспарлау білуі, оны ұтымды пайдалана білу қасиеттері қалыптасады. Информатика оқушыларға ойлануды және шыдамдылықты арттыруды, берілген тапсырманы көз алдына елестете алуды, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, көңіл қоя білуді талап етеді.

Көптілділік әлемді тануға арналған көпір десекте болады. Қазақстанда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикамен сәтті ықпалдасудың тілі», - десе елбасымыз, соның ішінде «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» деп атап айтқан еді.

Ағылшын тілі әлемде ең көп тараған, қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Бұл тіл – БҰҰ-ның алты тілінің бірі. Ағылшын тілі жалпы Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландияның мемлекеттік тілі болып табылады. Және де көптеген мемлекеттердің ресми тілі. Қазіргі таңда ағылшын тілі мектептерде тереңдетіліп оқылып жатыр. Мектептерде бірінші сыныптан бастап ағылшын тілі оқытылады. Елімізде жыл сайын шет елде білім алатын азаматтарымыздың саны артуда. Сондықтан ағылшын тілін оқытатын мектептер мен жоғары оқу орындары барынша тілге күш салуда. Қазіргі кезде ағылшын тілін меңгеру үшін көптеген курстар ашылған.

Информатиканың маңыздылығы – оның қоғамдық қызметтің барлық негізгі түрленіде қолданылуы, яғни өндірісте, басқаруда, ғылымда, білім беруде, жоспарлауда, саудада, медицинада және т.б. Информатика жалпы айтқанда біздің өміріміздің бөлшегіне айналуға. Қазіргі кезде информатика пәніне қатты көңіл бөлініп жатыр. Информатика пәнін бастауыш сыныптан бастап оқыту балаларды ерте жастан ақпараттық ойлау қабілетін дамыту болып

табылады. Өйткені информатиканы пән ретінде жоғарғы сыныптан бастап оқыту компьютерді пайдалану дағдысының қалыптасуын кешіктіреді. Қазіргі кезде осы информатика пәні мен ағылшын тілін меңгерту қолға алынған мәселе. Себебі үстінде атап өткендей “XXI ғасыр ақпараттық технологиялар ғасыры” болса ағылшын тілі әлемдік тіл деңгейінде тұр. Компьютердің барлық функционалдығыда ең алдымен ағылшын тілінде болады. Сондықтанда информатика пәнімен ағылшын тілінің байланысы үзілместей болады. Оқушының ең алдымен қызығушылығын арттырып, информатика пәнін ағылшын тілімен байланыстырып оқытсақ болашақта білімді , ел жұртқа пайдасы тиетін маман иесі атанады.

Болашақ жастардың қолында. Ең алдымен біз жастарды ерте жасынан дұрыс жұмысқа, дұрыс тәрбиеге үйретуіміз керек. Ең алдымен әр жеке тұлғаның қызығушылығымен айналысқан жөн. Сол арқылы оны дамытуға барынша күш сала алуға болады. Бала жастан оларды қызықтыратын пәнімен немесе жұмысымен көптілділікті араластырсақ болашақта өз өзін қамтамасыз ете алатын жеке тұлға болатынына сенімім мол.

Қорытындылай келетін болсақ, “Үш тұғырлы тіл” саясатын барлығы қолдауда. Көптілді меңгерген азаматтардың қай ортада жұмыс істесе де жолы ашық. Үш тілді білу бүгінгі күннің басты талабына айналсада “өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте” деген халық даналығын естен шығармаған жөн. Сондықтан да мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Методическое руководство «Приемы использования иностранного языка на уроках информатики» Пошатов С.Г. 2018 г.
2. «Айқын» газеті, жаңа басылым «Еліміздегі ағылшын тілінің рөлі».
3. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту тұжырымдамасы».
- 4.